

ШЖҚ «Облыстық АИТВ-ның
алдын алу орталығы» МКК
басшысының «14» 10
2025 жылғы № 51-Ө бұйрығымен
бекітілген

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ
ШЖҚ «Облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығы» МКК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының талаптары мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарына сәйкес әзірленді.

2. Стандарт Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және Кәсіпорнында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнама нормаларын сақтауға бағытталған ұсыныстар жүйесін анықтайды.

3. Стандартты әзірлеудің міндеттері:

1) кәсіпорын қызметінің барлық салалары бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсыныстар жүйесін бекіту ;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерінің уақытында аныкталуы және олардың кері салдарларының алдын алу.

4. Стандартты қабылдау және енгізудің мақсаты :

1) кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу;

3) кәсіпорынның негізгі қызметін жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ету.

5. Кәсіпорын Стандартты өз интернет-ресурсында еркін қол жетімді орналастырады және сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық хабарлайды, сонымен қатар Стандарттың қағидалары мен талаптарына Кәсіпорын қызметкерлерімен, сондай-ақ Кәсіпорынбен іскерлік және

келісімшарттық қатынастар орнататын басқа тұлғалар мен ұйымдардың сақтауын ықыласпен қарсы алып, ынталандырады.

6. Стандарттың талаптары Кәсіпорын қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа да заңды және жеке тұлғаларға қатысты, олармен жасасқан келісімшарттарда сәйкес міндеттемелер бекітілген жағдайларда, немесе олар қолданыстағы заңнама нормаларынан тікелей шығатын жағдайларда.

7. Кәсіпорынмен іскерлік қатынас орнататын немесе келісімшарттық міндеттемелері бар заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту қол қойып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалық нормаларын сақтауға міндеттенеді.

2 тарау. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде Кәсіпорын қызметкерлерінің орындауына міндетті әрекет этикасы стандарттары (іс-әрекет ережелері)

8. Өз қызметтерінде Кәсіпорын қызметкерлері оларға жүктелген қызметтік міндеттерді орындау кезінде мыналарға міндетті: Өз қызметтерінде Кәсіпорын қызметкерлері оларға жүктелген қызметтік міндеттерді орындау кезінде мыналарға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, Кәсіпорынның Жарғысын және ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға міндетті;

2) қызметтік міндеттерді адал, ізгі ниетпен және бейтарап орындау;

3) еңбек міндеттерін атқару кезінде жеке және пайдалық мүдделерден туындамау;

4) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға, мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және басқа ақпаратты пайдаланбауға;

5) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген ықтымал істер мен басқа құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге;

6) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кәсіпкерлік субъектілердің қызметіне заңсыз араласуға жол бермеуге;

7) еңбектік (функционалды) міндеттерді атқарған кезде кішіпейіл болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, іс-әрекет этикетін, сондай-ақ Кәсіпорынның Іс-әрекет этикасы мен мінез-құлқы ережесінің талаптарын сақтауға;

8) кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарға жол бермеуге, кез келген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін болдырмауға;

9) еңбектік (функционалды) міндеттерді орындаумен байланысты кез келген материалдық игіліктерді, сыйлықтарды, ақшалай сыйақыларды, жеңілдіктерді, қызметтерді және басқа да артықшылықтарды қабылдамауға;

10) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі келтірмеуге;

11) мүдделер қайшылығының кез келген мүмкіндігінің тууына жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес;

12) сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне баруға әкелетін кез келген әуендіру әрекеттері туралы, дайындалып жатқан немесе оларға белгілі болған сыбайлас жемқорлық бұзушылық фактілері туралы Кәсіпорынның комплаенс-офицеріне және/немесе тікелей басшысына дереу хабарлауға.

3 тарау. Кәсіпорын қызметкерлерінің басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезіндегі іс-әрекет этикасы стандарты (мінез-құлық ережесі)

9. Басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезіндегі Стандарт Кәсіпорын қызметкерлерінің мынандай мінез-құлық нормаларын анықтайды:

1) қабылданған шешімдердің заңдылығы мен әділеттілігін қамтамасыз ету;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, басқа да қызметтік құжаттарды қарауға және олар бойынша заңнама мен ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қажетті шараларды қабылдауға;

3) шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін, қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, құқыққа қайшы сұраулармен әріптестерге және басшыға жүгінуден бас тартуға;

4) басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын жасауға әкелмеуге;

5) мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өз еңбектік (функционалдық) міндеттерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауға;

6) еңбектік (функционалдық) міндеттерді орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамауға;

7) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында, таратуға жатпайтын қызметтік және басқа ақпаратты пайдаланбауға;

8) кез келген сыбайлас жемқорлық ретінде бағалануы мүмкін әрекеттерден бас тартуға;

9) тікелей басшыға орындау үшін алынған бұйрықтың заңдылығына күмән туралы жазбаша хабарлауға;

10) үшінші тұлғалардың мүдделеріне артықшылық беруден немесе оларды лоббилеуден, сондай-ақ олар атынан әрекет етуден бас тартуға.

4 тарау. Кәсіпорын қызметкерлерінің ішкі нормативтік құжаттар жобаларын әзірлеу кезіндегі іс-әрекет этикасы стандарты (мінез-құлық ережесі)

10. Стандарт ішкі нормативтік құжаттар жобаларын әзірлеу кезіндегі Кәсіпорын қызметкерлерінің мынандай мінез-құлық нормаларын анықтайды:

- 1) әзірленіп жатқан ішкі нормативтік құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуіне жол бермеуге;
- 2) өзі немесе үшінші тұлғалар үшін пайда табу мақсатында ішкі нормативтік құжаттарды қабылдауға жол бермеуге;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне немесе қос мағыналы түсіндіруге жағдай жасайтын нормаларды енгізуге жол бермеуге;
- 4) мәжілістесу және бекіту тәртібін бұзбауға.

5 тарау. Кәсіпорын қызметкерлерінің персоналды іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезіндегі іс-әрекет этикасы стандарты (мінез-құлық ережесі)

11. Стандарт персоналды іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезіндегі Кәсіпорын қызметкерлерінің мынандай мінез-құлық нормаларын анықтайды:

- 1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы мен Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;
- 2) персоналды іріктеу, таңдау, тағайындау, ауыстыру және жоғарылатумен байланысты барлық рәсімдердің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету;
- 3) үміткерлер мен қызметкерлерді тек кәсіби қасиеттері, тәжірибесі және іскерлік беделі негізінде бағалау;
- 4) туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, жұмысқа қабылдау және жұмыс орнында жоғарылату кезінде заңда көзделмеген артықшылықтарды (протекционизм, туыстастық) бермеуге;
- 5) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерге жүктелген негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруге;
- 6) қызметкерлердің жеке деректері туралы ақпаратты негізсіз таратуға жол бермеуге;
- 7) еңбек шартының жәй-күйлеріне заңға қайшы келетін немесе қызметкерлердің құқықтарын шектейтін ережелерді енгізуге жол бермеуге;
- 8) қызметкерлерге қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізуге.

6 тарау. Кәсіпорын қызметкерлерінің мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезіндегі іс-әрекет этикасы стандарты (мінез-құлық ережесі)

12. Стандарт мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезіндегі Кәсіпорын қызметкерлерінің мынандай мінез-құлық нормаларын анықтайды:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтау;
- 2) мемлекеттік сатып алуларға бөлінген ақша қаражатын ұтымды және тиімді жұмсау;
- 3) заңда көзделген жағдайлардан басқа, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

- 4) қатысушылар арасында бәсекелестік ізгі ниеттілігін қалыптастыруға ықпал ету;
- 5) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығын сақтау;
- 6) қызметтік мәртебесін жеке мүдделер немесе үшінші тұлғалар мүддесі үшін пайдаланбау;
- 7) белсенді байланыстары бар жеке тұлғалар мен ұйымдардың сатып алуларға қатысуына жол бермеуге;
- 8) нәтижелерді жариялағанға дейін өтінімдердің мазмұнына қатысты ақпаратты жарияламауға;
- 9) белгілі бір жеткізушілерге артықшылық беретін техникалық талаптарды арнайы белгілеуден бас тартуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген қосымша талаптарды белгілемеуге.

7 тарау. Кәсіпорын қызметкерлерінің қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезіндегі іс-әрекет этикасы стандарты (мінез-құлық ережесі)

13. Стандарт қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезіндегі Кәсіпорын қызметкерлерінің мынандай мінез-құлық нормаларын анықтайды:

- 1) бюджеттік, салықтық, бухгалтерлік есеп заңнамасының, сондай-ақ Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын қатаң сақтау;
- 2) қызметтік емес мақсаттар үшін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа мүліктер мен қызметтік ақпаратты пайдаланбау;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау мақсатында жүргізілетін бухгалтерлік есепті жүргізуге, қаржылық есептілік тапсыруға, соның ішінде бейресми есептілік құруға жол бермеуге;
- 4) есепке алынбаған немесе дұрыс тіркелмеген операцияларды жүргізуге жол бермеуге;
- 5) жоқ шығындарды есепке алуға жол бермеуге;
- 6) жалған құжаттарды пайдалануға жол бермеуге;
- 7) бухгалтерлік құжаттаманы заңда көзделген мерзімдерден бұрын әдейі жоюға жол бермеуге;
- 8) кәсіпорын мүлікінің сақталуын қамтамасыз етуге, оны қызметтік мақсаттарда ұтымды және тиімді пайдалануға.

8 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау

14. Стандарттың талаптары мен нормаларын орындау Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің міндетті шарасы болып табылады.

15. Стандарт талаптарының орындалуына бақылауды комплаенс-офицер, құрылымдық бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады.

16. Стандарт талаптарын орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған үшін Кәсіпорын қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік және басқа жауапкершілікке тартылады.